

«Назарбаев Зияткерлік мектептері»  
дербес білім ұйымы Басқармасының  
2019 жылғы 29 сәуірдегі  
шешімімен бекітілген (№15 хаттамасы)  
(ДББҰ Басқармасының шешімдеріне сәйкес  
2020 жылдың 4 қыркүйектегі (№42 хаттамасы)  
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы  
бойынша біліктілігін арттыру курстарын бағалау  
рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарын бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже), Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу Ережесіне, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен бекітілген (5 қаңтар 2012 ж. №1 хаттама) «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы туралы Ережесіне сәйкес құрастырылған.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте білім саласындағы уәкілетті органның бекітуімен мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарын (бұдан әрі – Курстар) бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

3. Портфолио мен таныстырылымды бағалау тыңдаушылардың мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру курстары бағдарламасы (бұдан әрі – оқыту бағдарламасы) мазмұнын қалай меңгергенін анықтау және тыңдаушыларды сертификаттауға ұсыну мақсатында жүзеге асырылады.

4. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) **ДББҰ** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы;
- 2) **Назарбаев Зияткерлік мектебі** – негізгі қызметі білім беру болып табылатын «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ филиалы;
- 3) **ПӨО** – ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы;
- 4) **ПШО** – «Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке мекемесі және оның филиалдары;
- 5) **ПӨО жауапты құрылымдық бөлімшесі** – ПӨО-ның бағалау рәсімін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бөлімі;
- 6) **мектепке дейінгі білім беру ұйымы** - мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту бойы жалпы білім беретін және арнайы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы;

7) **білім беру ұйымдары** – ПШО Курстар бағдарламасы бойынша педагогтерді оқытуды өткізетін жалпы білім беретін мектептер, колледждер, кәсіби мектептер (лицейлер);

8) **ұйымдастырылған оқу қызметі** – білімді игеруге және оны тәжірибеде қолдануға қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған педагог ұйымдастыратын қызмет түрлерінің бірі;

9) **тыңдаушы** – Курстарда оқитын мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогы;

10) **лек** – Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында Курстардың бір мезгілінде оқитын тыңдаушылар тобы;

11) **тренер** – Курстар бағдарламасы бойынша тыңдаушылар тобын оқытатын және тренер сертификаты бар педагог қызметкер;

12) **ПӨО жауапты тұлғасы** – бағалауды ұйымдастыруға жауапты ПӨО директорының бұйрығымен тағайындалған ПӨО қызметкері;

13) **ПӨО жауапты менеджері** – бағалау рәсімін ұйымдастыруға, басқаруға, құжаттандыруға жауапты ПӨО директорының бұйрығымен тағайындалған ПӨО жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері;

14) **ПӨО expertі** – ПӨО директорының бұйрығымен тағайындалған тыңдаушылар портфолиосын бағалау бойынша шешім шығаруға жауапты ПӨО қызметкері;

15) **циклограмма** – мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын, нақты тізбектелген және мерзімі шектелген қызметті жоспарлаудың түрі;

16) **«танымдық оқиғалар»** – педагогтың әр түрлі жағдайларда (табиғатта серуендеу, музейге бару, ойынға қатысу және т.б.) бақылауы негізінде баланың күшті жақтары, қызығушылықтары мен қабілеттері, жетістіктері мен мүмкіндіктері туралы құрылымдалған жазбаша әңгімелер;

17) **бағалау** – Курстар тыңдаушыларының портфолио мен таныстырылымын жиынтық бағалау рәсімі;

18) **бағалау шәкілі** – тыңдаушылардың портфолиосы мен таныстырылымын бағалау үшін қабылданған балдар жүйесі;

19) **бағалау критерийлері** – портфолио мен таныстырылым сапасы туралы баға қалыптасатын белгілер;

20) **портфолио** – Курстар бағдарламасының мазмұнына қатысты тыңдаушылардың білімі мен түсінуінің, тәжірибеде қолдануының, рефлексия мен дамуының дәлелдемелерін қамтитын жазбаша есепті құрайтын бағалау компоненті;

21) **таныстырылым** – ұйымдастырылған оқу қызметіне ойынды енгізу бойынша рефлексия дәлелдемелерін көрсететін бағалау компоненті;

22) **бейнежазу құрылғысы** – тыңдаушылардың таныстырылымын бағалаудың бейнежазбасын түсіруге арналған web-камерасы бар ноутбук немесе бейнекамера;

23) **электронды тасымалдаушы** – деректерді жазуға, сақтауға және қайта қосуға арналған сыртқы есте сақтау құрылғысы (HDD, USB-диск);

24) **бағалау материалдары** – портфолионы бағалау парағы, портфолионы бағалау рубрикасы, тренер үшін таныстырылымды бағалау проформасы, тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау проформасы, тыңдаушылардың

портфолиосы мен таныстырылымдары;

25) **таныстырылымды бағалау профформасы** – таныстырылымды бағалау құралы;

26) **портфолионы бағалау рубрикасы** – портфолиоға баға қойылатын құжат;

27) **плагиат** – кез-келген автордың толық және/немесе жартылай жұмысын (портфолиосын, таныстырылымын) қолдану мақсатына және қолданылған көлеміне қарамастан өзінің жеке жұмысы ретінде көрсету;

28) **модерация** – бағалау сапасын қамтамасыз ету және объективті шешім қабылдау үшін ПӨО экспертiнiң бағалауы бойынша «қанағаттанарлықсыз» алған, тренердiң бағалауы бойынша «шектi» алған тыңдаушылардың бағалау материалдарын қайта тексеру процесi;

29) **бағалау бойынша электрондық деректер базасы** – бағалау бойынша ақпаратты жинаудың негiзiн құрайтын Excel форматында жүргiзiлетiн тыңдаушылар бағаларының жиынтығынан тұратын дерекқор;

30) **сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесi** – Курстар бағдарламасы бойынша сертификаттауға ұсынылған және ұсынылмаған тыңдаушылардың қорытынды тiзiмдерiн бекiтетiн ПӨО-ның алқалы кеңесi;

31) **ПӨО порталы** – тыңдаушылардың жүктеген портфолиолары сақталатын, бағалау бойынша нормативтiк-нұсқамалық құжаттар және сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тiзiмi жарияланатын интернет ресурс;

## 2. БАҒАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ, КРИТЕРИЙЛЕРІ ЖӘНЕ ШӘКІЛДЕРІ

5. Бағалаудың негiзгi қағидалары:

1) валидтiлiк (шынайылық) – бағалануы тиiстi нәрсеге бағалау үдерiсiнiң сәйкестiгiн қамтамасыз ету: портфолио мен таныстырылым мазмұнының нақты мәнмәтiнiнде нақты бағалаудың қолданылуы.

2) сенiмдiлiк – бағалау тұрақтылығын қамтамасыз ету: бағалауды әртүрлi жағдайларда, әртүрлi бағалаушы жүзеге асырғанда бiрдей бағалау нәтижесiнiң алынуы;

3) жеткiлiктiлiк – бағалау рәсiмдерiн, әдiстерi мен тәсiлдерiн пайдаланудың оңтайлылығын қамтамасыз ету: бағалау тыңдаушының оқу мақсаттарын толық қамтығанына кепiлдiк кепiл бола алады;

4) түпнұсқалық – портфолио мен таныстырылымды әрбiр тыңдаушының өзiнiң жасағанына және өз тәжiрибесiне негiзделуiне кепiл болатынын қамтамасыз етедi.

6. Портфолио және таныстырылымдар келесi критерийлерге сәйкес бағаланады:

1) оқыту бағдарламасының мазмұнын бiлу және түсiну;

2) алған бiлiмiн өз тәжiрибесiнде қолдану;

3) тәжiрибенi одан әрi дамыту үшiн бағдарламаның мазмұнын енгiзу бойынша рефлексия.

7. Портфолиоға «жақсы», «қанағаттанарлық», «шектi деңгей», «қанағаттанарлықсыз» бағалары осы Ереженiң 1- қосымшасында көрсетiлген

алгоритмге сәйкес қойылады.

Портфолиоға «жақсы» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- Осы Ереженің 12 тармағында анықталған портфолионы құру талаптарына сай портфолионың барлық бөлімдері ұсынылған;
- жоспарлауға өзгерістер енгізу және оқытудың жаңа түрлерін, әдістері мен тәсілдерін енгізу түсініктемеде баяндалады;
- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін негіздеу, талдау және бағалау келтіріледі;
- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін талдау және бағалау негізінде оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар жасалады.

Портфолиоға «қанағаттанарлық» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- Осы Ереженің 12 тармағында анықталған портфолионы құру талаптарына сай портфолионың барлық бөлімдері ұсынылған, бірақ болмашы сәйкессіздіктер бар: бөлімдердегі сөз саны бекітілген нормаға жетпейді немесе асып түседі, бөлімдерді рәсімдеуде қателер бар;
- портфолионың бөлімдері бойынша түсініктемеде жоспарлауға енгізілген өзгерістерді сипаттау орын алған, оқытудың жаңа түрлерін, әдістері мен тәсілдерін енгізуді түсіндіруде сәйкессіздік орын алады;
- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізудің талдауы келтіріледі, тиімділігін бағалауы келтірілмейді;
- оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша тұжырымдалған қорытындылар ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін талдау мен бағалауға негізделмейді.

Портфолиоға «шекті деңгей» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- Осы Ереженің 12 тармағында анықталған портфолионы құру талаптарына сай портфолионың барлық бөлімдері ұсынылған, бірақ талаптар бұзылған: бөлімдердегі сөз саны бекітілген нормаға жетпейді немесе асып түседі, бөлімдердің рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейді;
- түсініктемеде жоспарлауға енгізілген өзгерістер немесе оқытудың жаңа түрлері, әдістері мен тәсілдері тізіп көрсетіледі, бірақ енгізілген өзгерістерге түсініктеме берілмейді;
- іс-әрекеттердің сипаттамасы келтіріледі, ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін талдау және бағалауы келтірілмейді;
- қорытындылар оқу тәжірибесіндегі өзгерістерге негізделмейді.

Портфолиоға «қанағаттанарлықсыз» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- портфолионың А бөлімі «перспективалық жоспар және циклограмма» немесе В бөлімі «танымдық оқиға» ұсынылмайды;
- портфолионың бөлімдеріне түсініктемелер А бөлімі «перспективалық жоспар және циклограммаға» немесе В бөлімі «танымдық оқиғаға» сәйкес келмейді немесе ұсынылмайды;
- іс-әрекеттер тізіп көрсетілген, ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін негіздеу, талдау және бағалау ұсынылмайды;
- оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар ұсынылмайды;

- плагиат анықталған.

Таныстырылымға төмендегі шәкілдер бойынша келесі бағалар қойылады:

- 1) 3 – «жақсы»;
- 2) 2 – «қанағаттанарлық»;
- 3) 1 – «шекті деңгей»;
- 4) 0 – «қанағаттанарлықсыз».

Таныстырылымға 3 – «жақсы» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу тиімділігін негіздеу, талдау және бағалау келтіріледі;

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу мен жүзеге асырудың тиімділігін талдау және бағалау негізінде оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар жасалады.

Таныстырылымға 2 – «қанағаттанарлық» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізудің талдауы келтіріледі, тиімділігін бағалау ұсынылмайды;

- оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша қорытынды ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу және жүзеге асыруды талдау мен тиімділігін бағалауға негізделмейді.

Таныстырылымға 1 – «шекті деңгей» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- әрекеттерді сипаттау келтірілген, ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу мен жүзеге асыру тиімділігін талдау және бағалау ұсынылмайды;

- қорытынды оқу тәжірибесіндегі өзгерістерге негізделмейді.

Таныстырылымға 0 – «қанағаттанарлықсыз» бағасы келесі жағдайларда қойылады:

- әрекеттер тізіліп көрсетілген, бірақ ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу мен жүзеге асыру тиімділігін негіздеу, талдау және бағалау ұсынылмайды;

- оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар келтірілмейді.

### **3. БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

8. ПӨО бағалауды ұйымдастыруды және өткізуді ПШО-мен бірлесіп жүзеге асырады.

Тыңдаушылардың портфолиосы мен таныстырылымдарын тренерлердің бағалауы Курстың екінші кезеңінде ПШО және/немесе білім беру ұйымдары базасында өткізіледі.

ПӨО эксперттері тыңдаушылар портфолиосын бағалауды және шешім қабылдауды Курстар аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні аралығында қашықтықтан жүзеге асырады.

9. ПШО:

1) Курстар басталуынан он жұмыс күн бұрын оқыту орны, оқу тілі, тыңдаушылар саны көрсетілген Курстар өткізу кестелерін ПӨО-на ұсынады;

2) Курстардың бірінші кезеңінің екінші аптасында ЖСН, оқу мерзімі, оқыту орны және оқыту тілі көрсетілген тыңдаушылар мен байланыс мәліметтері бар тренерлердің тізімін (телефон нөмірі, электрондық поштасы) ПӨО-на ұсынады;

3) әртүрлі себептермен Курстардан шығарылған тыңдаушылар туралы шығарылған күні ПӨО-на жазбаша хабарлайды;

4) ПӨО жауапты тұлғасына бағалауды ұйымдастыру және өткізу аралығында жұмыс орнын (компьютер/ноутбук, принтер және сканер) ұсынады;

5) бағалауды өткізу үшін қажетті жағдайды қамтамасыз етеді: аудиторияларда механикалық (электрондық) сағаттың, интерактивті тақтаның (экранның), проектордың, осы Ереженің 2, 3 қосымшаларына сәйкес басылып шығарылған тренер және тыңдаушылар үшін бағалау проформаларының болуы;

#### 10. ПӨО:

1) ПШО-нан ресми хатпен Курстардың кестелерін, ЖСН, оқыту орны мен тілі көрсетілген тыңдаушылар мен байланыс мәліметтері бар тренерлердің тізімін (телефон нөмірі, электрондық поштасы) алады;

2) ПӨО директорының бұйрығымен ПӨО жауапты тұлғаларын, ПӨО эксперттерін, ПӨО жауапты менеджерін тағайындайды;

3) тыңдаушылар топтарының санын ескере отырып ПӨО эксперттерінің жүктемесін бөледі;

4) Курстың бірінші кезеңінің бірінші аптасында және екінші кезеңі басталғанға дейін бағалау рәсімдері туралы ПШО-на ресми хатпен хабарлайды;

5) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу Журналына Курстардың екінші кезеңі басталғанға дейін бір аптадан кешіктірмей тыңдаушылардың қайта бағалау туралы өтініштерін тіркейді;

6) ПӨО порталына кіру және портфолиоларын жүктеу үшін тыңдаушыларға логиндер мен құпиясөздер жасайды;

7) тыңдаушылардың бағалау нәтижелерін модерациялауды ұйымдастыру мен өткізу туралы бұйрық шығарады;

8) тыңдаушыларды сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесін құру туралы бұйрық шығарады;

9) осы Ереженің 4-Қосымшасына сәйкес ПШО-на жартыжылдық бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық есеп ұсынады.

11. Осы Ереженің 5-Қосымшасына сәйкес қабылдау-тапсыру актісі негізінде Назарбаев Зияткерлік мектебі ПӨО жауапты тұлғаларын бейнежазба құрылғысымен қамтамасыз етеді.

#### 12. Тыңдаушы:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәжірибе барысында портфолио және Power Point форматында 3 слайдтан тұратын таныстырылым дайындайды.

##### Портфолио мазмұны:

А бөлімі. Перспективалық жоспар және циклограмма. Түсініктемеде (250 сөз):

- оқу бағдарламасы мазмұнының негізгі бағыттарын ескере отырып, жоспарлауға қалай және неге өзгерістер енгізілгенін;

- оқытудың жаңа түрлері, әдістері мен тәсілдері қалай және неге енгізілетінін түсіндіреді.

В бөлімі. «Танымдық оқиға» (350 сөзден кем емес). Түсініктемеде (250 сөз):

- «Танымдық оқиға» балалардың танымдық қызметін белсендіруге қалай ықпал ететіндігін түсіндіреді.

С бөлімі. Тәрбиелеу мен оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу және оларды басқару туралы рефлексиялық есеп (500-750 сөз):

- педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін құрылымдалған ойынды және еркін ойынды ұйымдастырылған оқу қызметіне енгізуді негіздеуді;

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойынды енгізудің тиімділігін талдау және бағалауды;

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойынды енгізу бойынша қорытындыларды қамтиды.

«Оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу және оларды басқару туралы рефлексия» бойынша таныстырылым мазмұны:

- ұйымдастырылған оқу қызметіне педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойын және еркін ойынды енгізуді негіздеуді;

- ұйымдастырылған оқу қызметіне педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойын және еркін ойынды енгізу тиімділігін бағалауды;

- ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу және жүзеге асыру бойынша қорытындыларды қамтиды.

Портфолио осы Ереженің 6-қосымшасындағы талаптар бойынша рәсімделеді.

2) Курстың екінші кезеңінде:

- екінші күні осы Ереженің 6-қосымшасында ұсынылған нұсқаулыққа сәйкес портфолионы ПӨО порталына жүктейді;

- таныстырылымды бағалаудан бір күн бұрын Power Point форматындағы таныстырылымды тренерге өткізеді;

- қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде (таңдауы бойынша) 10-12 минут ішінде таныстырылымын қорғайды, осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау проформасын толтырады.

12-1. Курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асқанда, портфолионың С бөліміне жиынтық бағалау жүргізіледі, портфолионың А және В бөлімдерін топ тренерлері формативті (қалыптастырушы) бағалайды, таныстырылымды жиынтық бағалау жүргізілмейді.

13. Курстардың екінші кезеңінде тренер:

1) ПӨО жауапты тұлғасынан екінші күні жеке электронды поштасы арқылы тыңдаушылардың логиндері мен құпиясөздерін қабылдайды және оларды ПӨО порталына портфолионы жүктеу үшін тыңдаушыларға таратады;

2) үшінші және төртінші күндер аралығында тыңдаушылардың портфолиосын бағалайды және осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес портфолионы бағалау парағын толтырады, «шекті деңгей» және «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылған жағдайда осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес портфолионы бағалау рубрикасын толтырады;

3) таныстырылымды бағалауды өткізгенге дейін бір күн бұрын Power Point форматында тыңдаушылардың таныстырылымдарын жинайды, тренер және тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау проформаларын басып шығарады;

4) тыңдаушылардың таныстырылымын бесінші күні бағалайды және осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес тренер үшін таныстырылымды бағалау

проформасын толтырады;

5) таныстырылымды бағалау аяқталғаннан кейін тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау проформаларын жинауды жүзеге асырады;

6) таныстырылым бағалауы аяқталғаннан кейін портфолионы бағалау парағын, портфолионы бағалау рубрикасын, тренерге арналған таныстырылымды бағалау проформасын және Power Point форматындағы таныстырылымдарын ПӨО жауапты тұлғасына тапсырады немесе курстар қашықтықтан оқыту форматында жүзеге асқанда ПӨО жауапты тұлғасының электрондық поштасына тренерге арналған тыңдаушылардың портфолиосын бағалау парағы мен портфолионы бағалау рубрикасын (скан көшірмесі және word форматында) жібереді. Бұл жағдайда портфолионы бағалау парақтары мен портфолионы бағалау рубрикаларының түпнұсқалары портфолионы бағалаған күннен бастап бір жыл ішінде ПШО-да сақталады.

14. ПӨО жауапты тұлғасы:

1) Курстардың бірінші кезеңінің үшінші аптасында:

- топтар тізімін тексереді (аты-жөні мен ЖСН дұрыс жазылуын, топтардағы тыңдаушылар санын, оқу тілін, топ нөмірін және т.б.), қайта тапсырушы тыңдаушылардың тізімін нақтылайды және тексерілген тізімді [pre-primary@sp1.nis.edu.kz](mailto:pre-primary@sp1.nis.edu.kz) электрондық поштасына жібереді.

- тренердің жеке электрондық поштасына электрондық форматта портфолионы бағалау рубрикаларын, тренер мен тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау проформаларын жібереді;

- осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес портфолио мен таныстырылымды бағалау рәсімдері бойынша тыңдаушыларға нұсқама жүргізеді;

2) Курстың екінші кезеңінде:

- бірінші күні тыңдаушылардың тізімін тексеруді жүзеге асырады және өзгерістер болған жағдайда тізімді ПӨО жауапты менеджеріне жолдайды;

- екінші күні ПӨО-ның жауапты менеджерінен тыңдаушылардың ПӨО порталына портфолиоларын жүктеу үшін қажетті логиндар мен құпиясөздерді қабылдап, тренердің жеке электрондық пошта адресіне жібереді;

- үшінші күні тыңдаушылардың ПӨО порталына портфолионы жүктеу үдерісін қадағалайды;

- тыңдаушылардың портфолио мен таныстырылымын тренердің бағалау үдерісін ұйымдастырады;

- Осы Ереженің 10 қосымшасына сәйкес тыңдаушыларды тіркеу парағын жасайды.

3) таныстырылымды бағалау күні:

- осы Ереженің 10 қосымшасына сәйкес тыңдаушыларды тіркеу парағында тыңдаушыларды жеке куәлігі құжаты негізінде тіркейді;

- таныстырылымды бағалауға тыңдаушылардың қатысуы, басталуы мен аяқталуы туралы ПӨО жауапты менеджерге хабарлайды;

- тыңдаушылардың таныстырылымын бағалаудың бейнежазбасын жүзеге асырады;



- тренер және тыңдаушылар үшін таныстырылымды бағалау профформаларын, PowerPoint форматында тыңдаушылардың таныстырылымдарын және электрондық тасымалдаушыға тыңдаушылардың таныстырылымдарының бейнежазбасын, портфолионы бағалау парағын, портфолионы бағалау рубрикасын («шекті деңгей» немесе «қанағаттанарлықсыз» бағалары қойылған жағдайда) тренерден қабылдайды;

- тыңдаушылардың орташа бағасын шығарып, осы Ереженің 11-қосымшасына сәйкес жиынтық кестеге енгізеді;

- таныстырылымды бағалау аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тіркеу парағының, портфолионы бағалау парағының, тренер үшін таныстырылымды бағалау профформасының скан көшірмелерін; электрондық форматта - жиынтық кестені, портфолионы бағалау рубрикасын, тыңдаушылардың таныстырылымдарын және тыңдаушылардың таныстырылым бейнежазбасын [prg-primary@spri.nis.edu.kz](mailto:prg-primary@spri.nis.edu.kz) адресі бойынша электрондық поштаға жібереді;

4) Курстар аяқталған соң он жұмыс күні өткеннен кейін пошта қызметі арқылы ПӨО-на тіркеу парағын, портфолионы бағалау парағын, тренер үшін таныстырылымды бағалау профформасын, тренердің портфолионы бағалау рубрикасын, эксперт үшін портфолионы бағалау рубрикасын және қағаз форматтағы модерация нәтижелері бойынша таныстырылымды бағалау профформаларын жібереді.

15. ПӨО жауапты менеджері:

1) ПШО-дан келген хат негізінде бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары мен тыңдаушылар тізімін жасайды, тренерлер мен эксперттерді топ тыңдаушыларына бөледі;

2) ПӨО жауапты тұлғаларына Курстардың бірінші кезеңінің екінші аптасы ішінде корпоративтік жеке электрондық пошта адресіне тыңдаушылардың тізімін ұсынады;

3) ПӨО жауапты тұлғасы тексерген тыңдаушылардың тізімін өңдейді және тыңдаушылардың лек бойынша бағалау электрондық базасын дайындайды;

4) Курстардың екінші кезеңінің екінші күні тыңдаушылардың портфолиоларын ПӨО порталына жүктеулері үшін ПӨО жауапты тұлғаларына қажетті логиндер мен құпиясөздерді жібереді;

5) бөлініске сәйкес ПӨО порталында тренерлер мен эксперттерді бекітеді;

6) бағалау бойынша материалдарды жинақтауды жүзеге асырады;

7) тыңдаушылардың таныстырылымға қойған жиынтық бағасын, портфолио және таныстырылымға қойған тренердің бағасын, портфолиоға қойған ПӨО expertінің бағасын, модерацияны ескере отырып портфолио және таныстырылымның қорытынды бағасын тыңдаушыларды бағалаудың электрондық базасына тіркейді;

8) бағалау рәсімдерінің қорытынды нәтижелерімен тыңдаушылардың тізімін жасайды:

- портфолио мен таныстырылым үшін «қанағаттанарлық» немесе «жақсы» қорытынды бағаларын алған тыңдаушылар, оның ішінде модерация үдерісінде расталғандар сертификаттауға ұсынылады;

- модерация нәтижелерін ескере отырып портфолио және/немесе

таныстырылым үшін «қанағаттанарлықсыз» қорытынды бағасын алған тыңдаушылар сертификаттауға ұсынылмайды;

9) сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылар тізімін ПӨО порталында жариялайды;

10) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес формада бағалау нәтижелері бойынша аналитикалық есеп жасайды.

16. ПӨО экспертi:

1) Курс аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде:

- ПӨО порталынан тыңдаушылар портфолиосын жүктеп алады;
- плагиат фактілерін анықтау үшін тыңдаушының портфолиосын тексереді,

тексерулер келесі ретпен орындалады:

1 кезең – плагиатты тексеретін онлайн сервисті пайдалана отырып портфолио мен таныстырылымды плагиатқа тексеруді жүзеге асырады;

2 кезең – тексергеннен кейін мәтінін бірегейлікке тексеру мақсатында дербес салыстырмалы талдау жүргізеді; қандай да бір дереккөзден алынған, бірақ сілтемелері көрсетіле отырып, дұрыс рәсімделген мәтін плагиат ретінде есептелмейді.

Плагиат анықталған кезде, осы Ереженің 12-қосымшасына сәйкес плагиат бойынша дәлелдемелері бар салыстыру кестесі келтірілген негіздеме толтырылады;

- тыңдаушылардың портфолиосын бағалайды, осы Ереженің 13-қосымшасына сәйкес портфолионы бағалау парағын толтырады, «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылған жағдайда осы Ереженің 14-қосымшасына сәйкес портфолионы бағалау рубрикасын толтырады;

- бағалаудың бесінші күні Word және PDF форматындағы портфолионы бағалау парағын, портфолионы бағалау рубрикасын [primary@spi.nis.edu.kz](mailto:primary@spi.nis.edu.kz) электрондық поштасына жібереді;

2) портфолионы бағалаудан кейін бес жұмыс күні ішінде:

- басқа эксперттердің шешімі бойынша портфолио компонентіне «қанағаттанарлықсыз» бағасы және тренердің портфолио мен таныстырылымды бағалауы бойынша 1 – «шекті деңгей» немесе 0 – «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылған бағалау нәтижелерінің модерациясына қатысады;

- портфолионы бағалау парағын, портфолионы бағалау рубрикаларын, модерация нәтижесі бойынша таныстырылымды бағалау проформасының қағаз нұсқасын ПӨО пошта қызметі арқылы жібереді.

#### 4. МОДЕРАЦИЯ

17. Портфолио мен таныстырылымдары үшін «қанағаттанарлықсыз» және «шекті деңгей» алған тыңдаушылардың бағалау нәтижелері модерацияға жатады.

18. Модерация ПӨО эксперттері портфолионы бағалауды аяқтағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қашықтан және ПӨО-да жетекшілік ететін директор орынбасарының, сол Курста портфолио мен таныстырылымды бағалау жүргізбеген құрылымдық бөлімшелердің бөлім басшыларының және ПӨО эксперттерінің қатысуымен өткізіледі, тыңдаушыларды бағалау нәтижесін

модерациялауды ұйымдастыру мен өткізу туралы бұйрықпен жеке құрам төменгі жағдайларда анықталады:

1) ПӨО экспертi тарапынан портфолио үшін «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылғанда, сонымен қатар плагиат анықталғанда;

2) тренер таныстырылым үшін 1 – «шекті деңгей» немесе 0 – «қанағаттанарлықсыз» бағасын қойғанда.

19. Модерация келесі тәртіпті қамтиды:

1) ПӨО жауапты менеджері:

- тыңдаушылардың модерацияға жататын портфолиосы мен таныстырылымын іріктеуді жүзеге асырады;

- тыңдаушылардың модерацияға жататын портфолио және таныстырылымын бағалау бойынша бағалау картасын дайындайды;

- ПӨО жетекшілік ететін директор орынбасарының, құрылымдық бөлімшелердің бөлім басшыларының, ПӨО эксперттерінің корпоративтік электрондық поштасына модерацияға жататын тыңдаушылардың портфолиосы мен таныстырылымының бейнежазбасын жібереді;

- ПӨО эксперттерінің қорытынды шешімі көрсетілген модерация бойынша Word, PDF форматында және қағаз нұсқасында портфолионы бағалау рубрикасын және таныстырылымды бағалау проформасын қабылдайды.

- осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес бағалау нәтижелерін модерациялау актісін рәсімдейді;

2) Модерацияны жүзеге асыратын ПӨО эксперттері:

- ПӨО жауапты менеджерінен жеке корпоративтік электрондық поштаның адресіне модерацияға жататын тыңдаушылардың портфолиосын және таныстырылымының бейнежазбасын қабылдайды;

- модерация бойынша шешім қабылдайды және осы Ереженің 16, 17-қосымшаларына сәйкес портфолионы бағалау рубрикасын және таныстырылымды бағалау проформасын толтырады;

- модерация нәтижелері бойынша Word және PDF форматтарында портфолионы бағалау рубрикасын және таныстырылымды бағалау проформасын жеке корпоративтік электрондық поштадан ПӨО pre-primary@сpi.nis.edu.kz электрондық поштасына жібереді;

- модерация қорытындысын осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес модерация нәтижелерін рәсімдеу актісінде қол қою арқылы растайды;

- ПӨО-на бағалау материалдарын пошта қызметі арқылы жібереді;

3) жетекшілік ететін директор орынбасары, құрылымдық бөлімшелердің бөлім басшылары, ПӨО эксперттері модерация бойынша шешімдерін осы Ереженің 15-қосымшасына сәйкес модерация нәтижелерін рәсімдеу актісінде қол қою арқылы растайды.

## 5. БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ

20. Тыңдаушыларды бағалау қорытындыларын бекіту үшін ПӨО директорының бұйрығымен құрамына кеңес төрағасы, хатшы және кеңес мүшелері кіретін Емтихан кеңесі құрылады. Емтихан кеңесі ПӨО

қызметкерлерінен құрылады. Емтихан кеңесінің отырысы бір жұмыс күні ішінде модерация рәсімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Емтихан кеңесінің шешімі көпшілік дауыспен қабылданады, түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

21. Емтихан кеңесі сертификаттауға ұсынылған және ұсынылмаған тыңдаушылардың тізімін тексереді және бекітеді.

22. Сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесі отырысының нәтижелері осы Ереженің 18-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді, хаттама ПӨО кеңесіне тіркеу және сақтау үшін беріледі.

23. ПӨО Курстар аяқталғаннан кейін он жұмыс күні өткен соң сертификаттауға ұсынылған/ұсынылмаған тыңдаушылардың тізімін және «қанағаттанарлықсыз» шешімі бойынша модерация актісінің көшірмесін ресми хатпен ДББҰ-на және ПШО-на жібереді.

24. Сертификаттауға ұсынылған тыңдаушылардың тізімі ПӨО порталында жарияланады.

## 6. ҚАЙТА БАҒАЛАУ

25. Портфолио немесе таныстырылымды бағалау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» шешімін алған тыңдаушылар жылына бір реттен артық емес басқа лекпен осы Ереженің 19-қосымшасындағы формаға сәйкес өтініш негізінде Курстардың басқа легімен бағалаудан өтуге құқылы;

26. Курстарды аяқтаған, бірақ әртүрлі себептермен бағалау үдерісіне қатыса алмаған тыңдаушылар осы Ереженің 19-қосымшасындағы формаға сәйкес өтініш негізінде Курстардың басқа легімен бағалаудан өтуге құқылы.

Өтініштің скан көшірмесі Курстардың екінші кезеңіне бір апта бұрын ПӨО [peresdacha@spi.nis.edu.kz](mailto:peresdacha@spi.nis.edu.kz) электрондық поштасына жіберіледі, өтініш түпнұсқасы таныстырылымды қайта бағалау күні ПӨО жауапты тұлғасына тапсырылады.

27. Қайта бағалауға тіркелген тыңдаушылар осы Ережеде белгіленген тәртіппен басқа лекпен бірге бағаланады.

## 7. АПЕЛЛЯЦИЯ

28. Апелляция тек бағалау рәсімдері бұзылған жағдайда ғана мүмкін болады:

1) техникалық себептер бойынша:

- ПӨО порталына портфолионың немесе таныстырылымның электронды нұсқасын жүктеу кезінде интернет желісінің болмауы;

- таныстырылым бейнежазбасында бейненің, дыбыстың болмауы;

- ПӨО порталына зақымдалған файлдың жүктелуі;

2) ПӨО тарапынан бағалау рәсімдерін өткізу және мерзімдерінің сақталмауы бойынша.

29. Бағалау нәтижелері ПӨО порталында жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде тыңдаушы осы Ереженің 20-қосымшасындағы формаға сәйкес ПӨО-на жазбаша өтініш беруге құқылы.

30. ПӨО директорының бұйрығымен кемінде бес адамнан құралған, тыңдаушы өтініштерін қарастыруға және тиісті шешім қабылдауға өкілетті комиссия құрылады.

31. Апелляциялық комиссияның құрамына ПӨО директорының орынбасары, ПӨО жауапты құрылымдық бөлімшесінің бөлім басшылары, заңгер кіреді. Апелляциялық комиссияның төрағасы ПӨО директоры болып табылады. Апелляциялық комиссияның хатшысы – ПӨО жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері.

32. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімі осы Ереженің 21-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді, оған апелляциялық комиссияның төрағасы және барлық мүшелері қол қояды.

33. ПӨО тыңдаушының өтінішін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде қарайды және апелляциялық комиссияның отырысы өткізілгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция бойынша шешімге қатысты дәлелді жауапты өтініште көрсетілген тыңдаушының электронды поштасына жібереді.

## **8. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

34. Бағалауды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын тұлғалар осы Ереженің талаптарын сақтауға жауапты.

ПШО-дан алған тыңдаушылардың жеке мәліметтерінің құпиялылығын сақтауды ПӨО қамтамасыз етуге жауапты.

## **9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

35. Бағалау материалдары (портфолионы бағалау парағы, таныстырылымды бағалау проформалары, тыңдаушыларды бағалау нәтижелерін модерациялау рәсімі бойынша акт, тыңдаушылардың қайта бағалауға өтініштерінің түпнұсқасы, апелляциялық комиссияның хаттамасы және Емтихан кеңесі отырысының хаттамасы) ПӨО ведомстволық мұрағатына сақтауға тапсырылады.

36. ПӨО порталында бағалау нәтижелері жарияланған күннен бастап бағалау нәтижелері бойынша «жақсы» немесе «қанағаттанарлық» бағасын алған тыңдаушылардың таныстырылымдарын бағалаудың бейнежазбалары компьютерлерден және электрондық тасымалдаушылардан өшіріледі. Бағалау нәтижелері бойынша «қанағаттанарлықсыз» алған тыңдаушылардың бағалау материалдарынан басқа тыңдаушылардың портфолиосын бағалау рубрикалары, бейнежазба құрылғысын қабылдау-тапсыру акті, Емтихан Кеңесі отырысының

хаттамасы тіркелген күннен бастап осы Ереженің 22-қосымшасындағы бағалау материалдарын жою актісіне сәйкес бір жыл ішінде жойылады. «Қанағаттанарлықсыз» бағасын алған тыңдаушылардың бағалау материалдары қайта бағалауға дейін сақталады. Қайта бағалау нәтижелері бойынша «жақсы» немесе «қанағаттанарлық» шешімін алған тыңдаушылардың портфолионы бағалау рубрикалары Емтихан Кеңесі отырысының хаттамасы тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жойылады. Бағалау материалдарын жою үшін ПӨО директорының бұйрығымен құрамы кемінде үш ПӨО қызметкерлерінен тұратын комиссия құрылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарын бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережесіне  
1-қосымша

### Портфолиоға баға қою алгоритмі

<b>А бөлімі</b>	<b>В бөлімі</b>	<b>С бөлімі</b>	<b>Қорытынды баға</b>
жақсы	жақсы	жақсы	<b>жақсы</b>
жақсы	жақсы	қанағаттанарлық	<b>жақсы</b>
жақсы	қанағаттанарлық	жақсы	<b>жақсы</b>
қанағаттанарлық	жақсы	жақсы	<b>жақсы</b>
қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	жақсы	<b>жақсы</b>
жақсы	қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
қанағаттанарлық	жақсы	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
шекті деңгей	жақсы	жақсы	<b>қанағаттанарлық</b>
жақсы	шекті деңгей	жақсы	<b>қанағаттанарлық</b>
жақсы	жақсы	шекті деңгей	<b>қанағаттанарлық</b>
шекті деңгей	жақсы	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
жақсы	шекті деңгей	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
қанағаттанарлық	шекті деңгей	жақсы	<b>қанағаттанарлық</b>
жақсы	қанағаттанарлық	шекті деңгей	<b>қанағаттанарлық</b>
шекті деңгей	шекті деңгей	жақсы	<b>қанағаттанарлық</b>
қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	шекті деңгей	<b>қанағаттанарлық</b>
қанағаттанарлық	шекті деңгей	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
шекті деңгей	қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
шекті деңгей	шекті деңгей	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлық</b>
жақсы	шекті деңгей	шекті деңгей	<b>шекті деңгей</b>
шекті деңгей	жақсы	шекті деңгей	<b>шекті деңгей</b>
қанағаттанарлық	шекті деңгей	шекті деңгей	<b>шекті деңгей</b>
шекті деңгей	қанағаттанарлықсыз	шекті деңгей	<b>шекті деңгей</b>
шекті деңгей	шекті деңгей	шекті деңгей	<b>шекті деңгей</b>
жоқ/ қанағаттанарлықсыз	жақсы	жақсы	<b>қанағаттанарлықсыз</b>
жақсы	жоқ/ қанағаттанарлықсыз	жақсы	<b>қанағаттанарлықсыз</b>
жақсы	жақсы	жоқ/ қанағаттанарлықсыз	<b>қанағаттанарлықсыз</b>
жоқ/ қанағаттанарлықсыз	қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлықсыз</b>
қанағаттанарлық	жоқ/ қанағаттанарлықсыз	қанағаттанарлық	<b>қанағаттанарлықсыз</b>
қанағаттанарлық	қанағаттанарлық	жоқ/ қанағаттанарлықсыз	<b>қанағаттанарлықсыз</b>

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарының таныстырылымын бағалау проформасы (тренер үшін)**

№ \_\_\_\_ топ таныстырылымы

Күні: « \_\_\_\_ » \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу және оларды басқару туралы рефлексия**

Таныстырылым барысында автор педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындарды ұйымдастырылған оқу әрекетіне енгізгенін қаншалықты толық және сенімді негіздей алғаны, енгізілген ойындар тиімділігінің дәлелдемелері қаншалықты сенімділігі, педагог ойындарды енгізу үдерісін қаншалықты жақсы басқара алғаны, болашақ тәжірибесіне қатысты негізделген қорытынды жасай алғаны бағалануы тиіс.

Таныстырылымды бағалау келесі шәкілдерге сай жүргізіледі:

**0–дәлелдеме келтірілмеген**

**1–дәлелдемелер әлсіз**

**2–дәлелдемелер күшті**

**3–дәлелдемелер өте күшті**

*Таныстырылым ұзақтығы 10-12 мин. (3 слайд)*

	Тыңдаушының аты-жөні	Педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындардың ұйымдастырылған оқу қызметіне балалардың қажеттіліктерін ескере отырып енгізілгенін негіздеу (3, 1, 2 критерийлер)	Педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындарды ұйымдастырылған оқу қызметіне енгізудің тиімділігін бағалау (3, 2, 1 критерийлер)	Ұйымдастырылған оқу қызметіне ойындарды енгізу және жүзеге асыру бойынша қорытындылар (3, 1, 2 критерийлер)	Қорытынды баға

Қолы

Тренердің аты-жөні (толық)



**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарының таныстырылымын бағалау проформасы (тыңдаушылар үшін)**

№ \_\_\_\_ топ таныстырылымы

Күні: « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Оқыту тәжірибесіне өзгерістер енгізу және оларды басқару туралы рефлексия**

Таныстырылым барысында автор педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындарды ұйымдастырылған оқу әрекетіне енгізгенін қаншалықты толық және сенімді негіздей алғаны, енгізілген ойындар тиімділігінің дәлелдемелері қаншалықты сенімділігі, педагог ойындарды енгізу үдерісін қаншалықты жақсы басқара алғаны, болашақ тәжірибесіне қатысты негізделген қорытынды жасай алғаны бағалануы тиіс.

Таныстырылымды бағалау келесі шәкілдерге сай жүргізіледі:

**0–дәлелдеме келтірілмеген    1–дәлелдемелер әлсіз    2–дәлелдемелер күшті    3–дәлелдемелер өте күшті**

*Таныстырылым ұзақтығы 10-12 мин. (3 слайд)*

№	Тыңдаушының аты-жөні	Педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындардың ұйымдастырылған оқу қызметіне балалардың қажеттіліктерін ескере отырып енгізілгенін негіздеу (3, 1, 2 критерийлер)	Педагогтың жетекшілігімен құрылымдалған ойындар мен еркін ойындарды ұйымдастырылған оқу қызметіне енгізудің тиімділігін бағалау (3, 2, 1 критерийлер)	Ұйымдастырылған оқу әрекетіне ойындарды енгізу және жүзеге асыру бойынша қорытындылар (3, 1, 2 критерийлер)	Қорытынды баға

\_\_\_\_\_  
Қолы

\_\_\_\_\_  
Тыңдаушының аты-жөні (толық)

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курсының бағалау нәтижелерінің сараптамалық  
**ЕСЕБІ**

\_\_\_\_\_ жылдың бірінші/екінші жартыжылдығы

1. Жалпы мәлімет

---

---

---

---

---

2. Нәтижелерді талдау

---

---

---

---

---

3. Ұсыныстар

---

---

---

---

---

Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курстарын бағалау рәсімдерін ұйымдастыру және өткізу Ережесіне  
5-қосымша

Қабылдау-тапсыру  
АКТИ

\_\_\_\_\_ қ.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Біз, төменде қол қоюшылар,  
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Педагогикалық  
өлшеулер орталығы» филиалы

\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні)

бір жағынан,  
және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі –  
Назарбаев Зияткерлік мектебі)

\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні)

екінші жағынан бейнежазба құрылғыларының берілгендігі және қабылданғандығы  
туралы осы актіні жасадық. Саны. \_\_\_\_\_ . \_\_\_\_\_ дана.

Тапсырылды \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Қабылданды \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

**Келісілді:**

Назарбаев Зияткерлік мектебінің  
директоры/директордың орынбасары \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні толық)

## Портфолионы ПӨО порталына жүктеу бойынша нұсқаулық

### I. Портфолионың рәсімделуі

- 1) Колонтитулды рәсімдеу:
  - жоғарғы колонтитулды пайдалану;
  - жоғарғы колонтитулда ТАӘ (толық), «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі филиалын көрсету;
  - колонтитулда Times New Roman шрифті, өлшем – 12 қолдану.
- 2) Портфолио бөлімдерінің мәтінін рәсімдеу:
  - шрифт өлшемі – 14;
  - шрифт – Times New Roman;
  - жоларалық интервал – бір жол;
  - ені бойынша түзету;
  - жолдар/шегі – жоғарғы 2см; төменгі 2см; сол 2см; оң 2см;
  - кестедегі шрифт өлшемі – 12;

### II. Портфолионы порталға жүктеу тәртібі

- 1) Google Chrome браузерінің көмегімен [sp.nis.edu.kz](http://sp.nis.edu.kz) порталына кіріңіз.
- 2) Латынша символдардың араларын ажыратпастан, өзіңіздің логиніңізді (мысалы: FAMILYA\_IMYA) және құпия сөзді енгізіңіз.  
**Назар аударыңыз:** Сізге логиніңіз бен құпия сөзіңізді тренер ұсынады.
- 3) Старт бетіндегі мәзір панеліндегі «Кіру» батырмасын басасыз.
- 4) Жеке кабинетіңізге кірген соң, өз құпия сөзіңізді өзгертуге мүмкіндігіңіз бар (құпия сөз латын символдарынан тұруы керек. Құпия сөзді ауыстыру үшін өз логиніңіздің аспап панелінің оң жағын басасыз, латынша құпия сөзіңізді жазып, «Мәліметтерді жаңарту» батырмасын басасыз).
- 5) Жаңа құпия сөзіңізді есіңізде сақтаңыз.
- 6) Жүктейтін бір файлыңыздың көлемі 10 МБ (мегабайттан) аспауы керек (әдетте фотосуреттер, суреттер, сканкөшірмелер көп орын алады, асып кетіп жатса, қысқартып немесе артығын алып тастау қажет).
- 7) Портфолионы «Мои папки» папкасына салыңыз. Осы бөлімдеріңіз соңғы нұсқа және сіздің портфолиоңыздың құрамына кіретін жағдайда, «Добавить в портфолио» батырмасын басып енгізіңіз.
- 8) «Портфолио» папкасынан енгізілген бөлімдеріңізді қарауыңызға болады.
- 9) Барлық қажетті файлдарды енгізіп болғаннан кейін, «Шығу» батырмасын басасыз.

**ЕСКЕРТУ:** Файлдарды енгізгеннен кейін бір сағаттан соң, оларды өшіріп тастау мүмкіндігі автоматты түрде жойылады.

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің білім беру бағдарламасы бойынша  
біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларының портфолиосын  
бағалау парағы (тренер үшін)**

Өткізілетін орын: \_\_\_\_\_ Күні: \_\_\_\_\_  
Топ: \_\_\_\_\_ Оқыту тілі: \_\_\_\_\_  
Топ тренерінің аты-жөні: \_\_\_\_\_

Портфолиоға «жақсы», «қанағаттанарлық», «шекті деңгей», «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылады

